



БҰЙРЫҚ
01.12.2025 ж.

Тараз қаласы

ПРИКАЗ
№ 94-н/қ

№

город Тараз

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Үлгілік ереженің 13-тармағының 5-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-да (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2025 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) жүргізілсін.

2. Талдау бағыты ретінде «Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» белгіленсін.

3. Бұйрыққа № 1 Қосымшасына сәйкес Талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.

4. Бұйрыққа № 2 Қосымшаға сәйкес Кәсіпорында Талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.

5. Бөлім басшылары Талдау жүргізу үшін ақпараттың уақытылы және анық берілуін қамтамасыз етсін.

6. Талдау өндірісі 2025 жылғы 1–29 желтоқсан аралығы кезеңіне айқындалсын.

7. Кадр жөніндегі инспектор Г. Джаппарова барлық бөлімдердің басшыларын осы бұйрықпен таныстырсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Директор

Н. Мергенбай

«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
мемлекеттік тарихи-мәдени
мұражай-қорығы» 2025 жылғы 01 желтоқсанның
№ 94-н/к бұйрығына № 1 қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша
орындалатын жұмыс жоспары**

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі	Жауапты маман
1	Ақпарат жинақтау: Кәсіпорынның 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған қызметі туралы есеп; Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттары; - Кәсіпорынға қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері; - жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;		Кәсіпорын бөлімдері
2	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды талдау		Жұмыс тобы
3	Аналитикалық есепті дайындау және қол қою		Жұмыс тобы
4	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және Тәуекелдер картасын жасау		Жұмыс тобы

«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы» 2025 жылғы «01» желтоқсанның
№ 94-н/к бұйрығына № 2 қосымша

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Жұмыс тобының басшысы:

Комплаенс офицері: Балнур Алпысбаевна Карымсакова.

Жұмыс тобының мүшелері:

Қор сақтау және есепке алу бөлімінің қор сақтаушысы: Айдана Бесикбаевна Жанбосынова.

«Әкімшілік-шаруашылық» бөлімінің басшысы: Кайрат Бейсекулович Ибраимкулов.

«Ғылыми қызмет және ескерткіштерді қорғау» бөлімінің басшысы: Улжалғас Шаизханқызы Шаизхан.

«Қаржы және экономикалық жоспарлау» бөлімінің басшысы: Гулназия Умирбековна Абдиқаримова.